

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 11 қаулысына және "Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 54 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 10 маусымдағы № 58 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 11 маусымда № 38937 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 11 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27075 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Талаптарда қолданылатын ұғымдар:

1) бенефициарлық меншік иесі – бұл:

клиенттің - заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай-ақ шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;

клиентті өзге тәсілмен бақылайтын;

оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;

2) мінсіз іскерлік бедел – тұлғаның қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға әкеп соққан төлемге қабілетсіздікке не банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызуға алып келген құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздік) жасау фактілерінің болмауын қоса алғанда, кәсіпқойлықты, адалдықты растайтын фактілердің болуы, алынбаған немесе жойылмаған соттылығының болмауы, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот актісінің болмауы, сондай-ақ қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның мәліметтері негізінде іс-әрекеттері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға ықпал еткен үшінші тұлғалармен (үшінші тұлғалардың бақылауы мен ықпалына түскен) қатынастардың болмауы.";

7-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) КЖ/ТҚҚ/ЖҚҚТҚ мақсатында ішкі бақылауды және қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарламаларды, оның ішінде оларды әзірлеушілер туралы мәліметтер беруді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын автоматтандырылған цифрлық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер;"

8-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әзірленген және ұйымның атқарушы органымен келісілген ішкі бақылау қағидаларының және (немесе) оларға өзгерістердің (толықтырулардың) болуын, сондай-ақ ұйымда олардың сақталуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ туралы және ойын бизнесі туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;"

7) тармақша алып тасталсын;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өз функцияларын толық көлемде және ұйымның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шекте ұйымның барлық үй-жайларына, цифрлық жүйелеріне, телекоммуникация құралдарына, құжаттар мен файлдарға кіруге рұқсат алу;"

12-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ұйым КЖ/ТҚҚ/ЖҚҚТҚҚ мақсатында ішкі бақылау мәселелері бойынша процестерді автоматтандыру үшін мынадай талаптарға сәйкес келетін автоматтандырылған цифрлық жүйелерді пайдаланады:"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ұйымның ішкі рәсімдеріне сәйкес, оның ішінде қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес сипаттамаларды ескере отырып, мыналарға:

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ-ға;

есірткінің заңсыз өндірілуіне, айналымына және (немесе) транзитіне;

қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастыруға;

қызметі цифрлық активтермен байланысты "Астана" халықаралық қаржы орталығының, лицензияланған немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептік тіркеуден өткен цифрлық активтер қызметтерінің провайдері және цифрлық активтер саласындағы қызметті жүзеге асыратын Ұлттық Банктің ерекше реттеу режимінің қатысушылары болып табылмайтын цифрлық активтер қызметтерін провайдерлердің пайдасына төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ электрондық казино мен интернет-казиноның, сондай-ақ шетелдік букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға;

тұлғалардың жас санаттарының тәуекелдеріне;

сыбайлас жемқорлыққа;

қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган жасайтын ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткіліксіз орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) операцияларына;

Ұйымның ішкі құжаттарымен бекітілген өзге де өлшемшарттарға байланысты анықтауды қамтамасыз ету және шаралар қабылдау;"

15-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға не "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабына сәйкес өзі тартқан заңды тұлға арқылы жүзеге асырылатын төлемдерді қоспағанда, соңғы 6 (алты) айдың ішінде ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына үш және одан да көп төлем жасаған тұлғалар;"

18) тармақша алып тасталсын;

21) және 22) тармақшалар алып тасталсын;

17-тармақта:

2) тармақшаға орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

"20-1. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының және КЖ/ТҚҚ туралы заңның 44-бабының талаптарына сәйкес клиенттің биометриялық деректерін қолдану арқылы клиенттің жеке басын растауды қамтамасыз ететін аутентификация құралдарын пайдалана отырып:

1) клиентті мобильді қосымшада бастапқы тіркеген;

2) клиент ұйымның мобильді қосымшасын пайдалануды жүзеге асыратын құрылғыны ауыстырған;

3) клиент байланыс телефон нөмірін өз бетінше өзгерткен жағдайда клиентті авторизациялауды жүзеге асырады.

Ұйым клиентке биометриялық аутентификация жүргізу кезінде клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде бес жыл, оның ішінде аутсорсинг негізінде қозғалысты анықтау технологиясын пайдалана отырып, клиентпен бейнеконференция сеансының жазбасын немесе клиенттің алынған ағымдағы бейнесін сақтауды қамтамасыз етеді.

Ұйым Ұлттық Банктің сәйкестендіру деректерін алмасу орталығының құралдарын клиенттің жеке басын сәйкестендіру мақсатында биометриялық сәйкестендіруді:

1) электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иелері электрондық әмиянды ашқан жағдайларды қоспағанда, электрондық әмиянды ашу арқылы клиентпен қашықтан іскерлік қатынастар орнатқан кезде;

2) КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес ұйым клиенттің деректерін мерзімді жаңартуды жүргізген кезде пайдаланады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Ұйым клиентті (оны өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіруді жүргізеді, сондай-ақ мына:

1) айлық есептік көрсеткіштің үш еселенген мөлшерінен аспайтын сомада электрондық ақшаны өткізуді, сондай-ақ сомасы екі жүз мың теңгеден аспайтын төлем карточкаларын таратуды қоспағанда, клиентпен іскерлік қатынастар орнатқан;

2) клиент:

қолма-қол ақшаны қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) арқылы, оның ішінде күнтізбелік бір күн ішінде бірнеше операцияны (мәмілені) жасау арқылы қолма-қол ақшаны жеке тұлғаның банктік шотына есепке жатқызу үшін қабылдау кезінде бес жүз мың теңгеден асатын;

банктік шотты пайдаланбай қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау кезінде бес жүз мың теңгеден асатын;

банктік шотқа қол жеткізу құралы болып табылмайтын төлем карточкасын пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру кезінде екі жүз мың теңгеден асатын сомаға біржолғы операция (мәміле) жасаған;

3) клиент шекті операцияны (мәмілені) жасаған;

4) клиенттің күдікті операциясы (мәмілесі) анықталған;

5) жеке және заңды тұлғалар туралы бұрын алынған деректердің дәйектілігіне күмән туғызатын негіздер болған жағдайларда, іскерлік қатынастардың немесе біржолғы операцияның (мәміленің) болжамды мақсатын белгілейді.";

21-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1. Ұйым өзін құқыққа қарсы қызметке тартуға, "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушылары болып табылмайтын, қызметі цифрлық активтер платформасын басқару бойынша, лицензияланған немесе Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен цифрлық активтер қызметтерінің провайдері және цифрлық активтер саласындағы қызметті жүзеге асыратын Ұлттық Банктің ерекше реттеу режимінің қатысушылары болып табылмайтын, цифрлық активтер қызметтерінің провайдерлері арқылы қызмет көрсететін цифрлық активтер биржаларында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді одан әрі сатып алуға байланысты операцияларға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.";

21-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-4. Көрсетілетін қызметтерді беруші ұйыммен іскерлік қатынастар орнату кезінде төлемдерді өз пайдасына қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында ұйымға көрсетілетін қызмет туралы дәйекті ақпаратты, оның ішінде көрсетуді жоспарлап отырған қызмет түрлерінің толық тізбесін көрсете отырып ұсынады.

Егер көрсетілетін қызметтерді беруші шетелдік көрсетілетін төлем қызметтерін беруші болған жағдайда, ұйым қосымша мынадай шараларды қабылдайды:

1) шетелдік көрсетілетін төлем қызметтерін берушіде төлем қызметтерін көрсету құқығын растайтын, шетелдік көрсетілетін төлем қызметтерін беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің тиісті органының рұқсат беру құжатының (лицензия, тіркеуі және т.б.) болуын тексереді;

2) ашық дереккөздерден мәліметтер жинау арқылы шетелдік көрсетілетін төлем қызметтерін берушіде, оның ішінде оның құрылтайшылары мен басшыларында мінсіз іскерлік беделінің болуын тексереді;

3) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ мақсатында көрсетілетін төлем қызметтерін беруші, оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметтерін беруші қабылдайтын шараларды бағалайды;

4) шетелдік көрсетілетін төлем қызметтерін беруші пайдасына төлемдерді қабылдай алатын көрсетілетін қызметтерді берушілердің тізбесін, оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операциялар үшін кәсіпкерлік субъектілері санатына берілген кодтар (Merchant category code) туралы мәліметтерді зерделейді;

5) шетелдік көрсетілетін төлем қызметтерін беруші пайдасына төлемдерді қабылдай алатын көрсетілетін қызметтерді берушілердің тізбесін, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалана отырып операциялар үшін олар көрсететін қызмет туралы мәліметтерді зерделейді;

6) ұйымның ішкі құжаттарында көзделген өзге де шараларды қабылдайды.";

21-5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кәсіпкерлік субъектісі санатының коды (Merchant Category Code);";

21-7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-7. Ұйым шетелдік көрсетілетін төлем қызметін берушілермен (төлем делдалымен) өзара іс-қимыл шеңберінде олардың пайдасына үшінші тұлғалардың тауарлары/сервистері/қызметтері үшін төлемдерді қабылдау кезінде ұйым жасалатын шартқа қосымша түрінде төлеуге болатын тауарлар/сервистер/қызметтер түрлерінің тізбесін белгілейді.

Қосымшада мыналар:

1) шарт шеңберінде төлеуге болатын тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің түрлері (ЭҚЖЖ/санаттарын көрсете отырып);

2) сату жүзеге асырылатын платформалардың немесе сайттардың атаулары;

3) төлеуге тыйым салынған санаттар тізбесі (жеке бөлімде);

4) қаражат қабылданатын кәсіпкерлік субъектілерінің сәйкестендіргіштері немесе санаттарының кодтары туралы ақпарат болады.

Көрсетілетін төлем қызметін беруші (төлем делдалы), оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметін беруші ұйым бекіткен, төлеуге болатын тауарлар/сервистер/ қызметтер түрлерінің тізбесі бойынша ғана төлемдерді қабылдау жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда ұйым осы көрсетілетін төлем қызметін берушімен (төлем делдалымен) іскерлік қатынастарды тоқтата тұру жөнінде дереу шаралар қабылдайды.";

21-8-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Уәкілетті органға, сондай-ақ өз құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдарға уақтылы қолжетімді болуы үшін оларды сотта дәлелдемелер ретінде пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, Талаптардың 21 және 21-7-тармақтарына сәйкес алынған мәліметтерді ұйым клиенттің досыесіне енгізеді (қосады), ол ұйымда клиентпен іскерлік қатынастардың барлық кезеңі бойы және олар аяқталған не біржолғы операция (мәміле) жасалған күннен бастап кемінде бес жыл сақталады.

Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар, оның ішінде қаржы мониторингі жасалуы тиіс операциялар, күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ күрделі, әдеттегіден тыс ірі және басқа да әдеттегіден тыс операцияларды зерделеу нәтижелерін ұйымдар операция жасалғаннан кейін кемінде бес жыл сақтауға тиіс."

2. "Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 54 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36742 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 34) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2026 жылғы 11 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші абзацтарын, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың қырық бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші, елу тоғызыншы, алпысыншы, алпыс бірінші абзацтарын, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың оныншы, он бірінші, он жетінші, он сегізінші, жиырмамыншы, жиырма бірінші абзацтарын, 2026 жылғы 19 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 15-тармағын, Қағидаларға 2-қосымшаны қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мыналар:

2026 жылғы 12 шілдеден бастап:

Қағидалардың 5 және 6 тармақтары мынадай редакцияда қолданылады:

"5. Антифрод-орталыққа қатысушы Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінде және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Киберқауіпсіздік туралы", "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қорғалатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын сақтай отырып, антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында айқындалған және дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген тәртіппен антифрод-орталықтың цифрлық жүйесімен техникалық өзара іс-қимыл орнату арқылы антифрод-орталыққа қосылады.

6. Ақша жөнелтушіні және (немесе) бенефициарды (ақша алушыны) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру оқиғалары туралы (бұдан әрі – оқиғалар туралы дерекқор) және (немесе) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыруға әрекеттенулер туралы (бұдан әрі – әрекеттенулер туралы дерекқор) дерекқорға қосу үшін ұйымнан және (немесе) қылмыстық қудалау органынан антифрод-орталықтың цифрлық жүйесі арқылы алынған алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабар антифрод-орталық алғаннан кейін дереу әрекеттенулер туралы немесе оқиғалар туралы дерекқорға қосылады және антифрод-орталықтың барлық қатысушысы үшін қолжетімді болады.

Антифрод-орталықтың цифрлық жүйесі:

- 1) ұйымның антифрод-орталыққа хабарды жібергенін;
- 2) антифрод-орталықтың осы хабарды алғанын және оны антифрод-орталық қатысушыларының атына одан әрі жібергенін;
- 3) хабардың жеткізілгенін және антифрод-орталық қатысушыларының алғанын;
- 4) антифрод-орталықтың басқа қатысушыларынан алынған хабарға жауапты растайтын ұйымның антифрод-орталыққа жіберген алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабарының ретті түрде тіркелуін қамтамасыз етеді.";

Қағидалардың 21 тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда қолданылады:

"Ақша жөнелтушіні және (немесе) бенефициарды (ақша алушыны) құқыққа қарсы оқыс оқиғаларға тартылған тұлғалар дерекқорына қосу үшін антифрод-орталықтың цифрлық жүйесі арқылы ұйымнан алынған құқыққа қарсы оқыс оқиға туралы хабар антифрод-орталық хабарды алғаннан кейін дереу қосылады және ол антифрод-орталықтың барлық қатысушысы үшін қолжетімді болады.";

Қағидалардың 29 тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады:

"29. Ұйым және (немесе) қылмыстық қудалау органы алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабарды цифрлық нысанда антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген форматта төлемді және (немесе) ақша аударымын:".

2026 жылғы 19 шілдеден бастап Қағидалардың 3-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Антифрод-орталықтың қатысушылары:

1) қаржы ұйымдары;

2) Төлемдер туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көзделген көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынатын төлем ұйымдары;

3) ұялы байланыс операторлары;

4) кредиттік бюро;

5) қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органдары, құқық қорғау органдары;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк);

7) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

8) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган;

9) Ұлттық Банктің шешімімен айқындалатын өзге де тұлғалар."

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жасанды интеллект және

цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржылық мониторинг агенттігі

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

2026 жылғы 10 маусымдағы

№ 58 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

2025 жылғы 25 тамыздағы

№ 54 қаулысымен

бекітілді

Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 34) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда мыналар:

1) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) (бұдан әрі – антифрод-орталық) қызметін жүзеге асыру және антифрод-орталықтың оның қызметіне қатысатын тұлғалармен (бұдан әрі – антифрод-орталықтың қатысушылары) өзара іс-қимыл жасау тәртібі;

2) антифрод-орталықтың алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру оқиғалары мен әрекеттенулері туралы дерекқорды, сондай-ақ Қағидалардың 10-тармағында көзделген өзге де дерекқорларды қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асыру және антифрод-орталық қатысушыларының оған қол жеткізуін ұсыну тәртібі;

3) Төлемдер туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көзделген төлем қызметтерін ұсынатын қаржы ұйымдарының, төлем ұйымдарының (бұдан әрі – ұйым, ұйымдар) антифрод-орталықтың алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларына байланысты тұлғалар туралы ақпаратын алған кезде нұсқауды орындаудан бас тарту және тоқтата тұру тәртібі мен мерзімдері;

4) ұйымдардың барлық алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын жүзеге асыру оқиғалары және (немесе) әрекеттенулері туралы ақпаратты антифрод-орталыққа жіберу тәртібі, нысандары мен мерзімдері;

5) ұйым клиентті алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру оқиғалары мен әрекеттенулері туралы дерекқорға енгізген жағдайда, қаржылық немесе төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін ұсыну тәртібі мен түрлері, сондай-ақ клиенттің (банктік шот, электрондық әмиян иесінің) қаржылық немесе төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін алу үшін ұйымға өтініш жасау тәртібі;

6) қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органдарының және құқық қорғау органдарының, ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакцияларын (бұдан әрі – заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакциялары) анықтау және болғызбау мақсатында өзара іс-қимыл жасау тәртібі айқындалады. Қағидалардың мақсаты үшін заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакцияларына есірткінің заңсыз өндірілуіне, айналымына және (немесе) транзитіне, қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастыруға, электрондық

казино мен интернет-казино пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға байланысты төлем транзакциялары жатады;

7) қылмыстық қудалау органының прокурормен келісілген транзакцияны алаяқтық транзакциясы деп тану туралы қаулысында көрсетілген клиентке ақшаны қайтару тәртібі айқындалады.

2. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" (бұдан әрі – Төлемдер туралы заң), "Байланыс туралы", "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және "Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген) бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар пайдаланылады.

Қағидалардың мақсаты үшін мынадай ұғымдар да пайдаланылады:

1) антифрод-орталық – операторы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы болып табылатын алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы, Төлемдер туралы заңның 25-1-бабында көзделген тәртіпте алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын және өзге де төлем транзакцияларын анықтауға және болдырмауға бағытталған шараларды үйлестіруді және қабылдауды жүзеге асырады;

2) әлеуетті зардап шеккен тұлға – үшінші тұлғалардың ақшаны ұрлау, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен жасаған іс-әрекеттері нәтижесінде зиян келтірілуі мүмкін жеке және заңды тұлға;

3) әшкереленген абоненттік нөмір – пайдаланылуы байланыс желілерінде алаяқтық белгілері бар қоңырау шалу және (немесе) алаяқтық әрекеттер жасау кезінде тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі;

4) заңсыз пайдаланылған электрондық төлем құралы – заңсыз деп танылатын немесе тыйым салынған өзге де төлем транзакцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын электрондық төлем құралдары;

5) көптеген кредиттік өтінімдер – жеке тұлғаның 1 (бір) сағат ішінде екінші деңгейдегі екі және одан да көп банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын (тұтынушылық микрокредит беру туралы шартты) жасасуға өтініштер беру жағдайлары;

6) құқыққа қарсы оқыс оқиғалар – есірткінің заңсыз өндірілуіне, айналымына және (немесе) транзитіне, қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастыруға, Қазақстан

Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ электрондық казино мен интернет-казиноның, шетелдік букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға байланысты транзакциялар жататын оқыс оқиғалар.

3. Төлемдер туралы заңның 25-1-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне сәйкес мыналар:

- 1) қаржы ұйымдары;
- 2) Төлемдер туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көзделген көрсетілетін төлем қызметтерін ұсынатын төлем ұйымдары;
- 3) ұялы байланыс операторлары;
- 4) қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау органдары;
- 5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк);
- 6) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;
- 7) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган;
- 8) Ұлттық Банктің шешімімен айқындалатын өзге де тұлғалар антифрод-орталықтың қатысушылары болып табылады.

2-тарау. Антифрод-орталықтың қызметін жүзеге асыру және антифрод-орталықтың оның қатысушыларымен өзара іс-қимылы

4. Антифрод-орталық:

1) ұйымдардан, ұялы байланыс операторларынан, қылмыстық қудалау органдарынан, ұлттық қауіпсіздік және құқық қорғау органдарынан келіп түскен алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын жүзеге асыру оқиғалары мен әрекеттенулері туралы мәліметтерді жинауды, шоғырландыруды және сақтауды жүзеге асырады;

2) белгіленген өлшемшарттарға сәйкес алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларына жатқызылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша деректерді және (немесе) заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакциялары бойынша ұйымдарға, ұялы байланыс операторларына, қылмыстық қудалау органдарына қажет деректерді өңдейді және талдайды;

3) алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын және (немесе) заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакцияларын болғызбау үшін қажет ақпаратты, оның ішінде қатерлер, осал тұстар, оқиғалардың туындауының алғышарттары, сондай-ақ олардың алдын алу және зардаптарын жою әдістері туралы ақпаратты ұйымдарға, ұялы байланыс операторларына, қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органдарына және құқық қорғау органдарына ұсынады;

4) қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, өз қызметі процесінде алынған ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың тиісті режимін және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) дербес деректерді иесіздендірілген түрде жинайды, өңдейді және сақтайды;

6) қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органдары мен құқық қорғау органдарының ақпараты негізінде заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакцияларын анықтау және болғызбау бойынша жәрдем көрсетеді.

5. Антифрод-орталыққа қатысушы "Ақпараттандыру туралы", "Дербес деректер және оларды қорғау туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қорғалатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтай отырып, антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында айқындалған және дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген тәртіппен антифрод-орталықтың ақпараттық жүйесімен техникалық өзара іс-қимыл орнату арқылы антифрод-орталыққа қосылады.

6. Ақша жөнелтушіні және (немесе) бенефициарды (ақша алушыны) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру оқиғалары туралы (бұдан әрі – оқиғалар туралы дерекқор) және (немесе) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыруға әрекеттенулер туралы (бұдан әрі – әрекеттенулер туралы дерекқор) дерекқорға қосу үшін ұйымнан және (немесе) қылмыстық қудалау органынан антифрод-орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы алынған алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабар антифрод-орталық алғаннан кейін дереу әрекеттенулер туралы немесе оқиғалар туралы дерекқорға қосылады және антифрод-орталықтың барлық қатысушысы үшін қолжетімді болады.

Антифрод-орталықтың ақпараттық жүйесі:

1) ұйымның антифрод-орталыққа хабарды жібергенін;

2) антифрод-орталықтың осы хабарды алғанын және оны антифрод-орталық қатысушыларының атына одан әрі жібергенін;

3) хабардың жеткізілгенін және антифрод-орталық қатысушыларының алғанын;

4) антифрод-орталықтың басқа қатысушыларынан алынған хабарға жауапты растайтын ұйымның антифрод-орталыққа жіберген алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабарының ретті түрде тіркелуін қамтамасыз етеді.

7. Ұйымдар төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқауды алғаннан кейін ол орындағанға дейін өз клиенттері – ақша жөнелтушілердің және (немесе) бенефициардың жеке не бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банк шотының нөмірін және

ұялы байланысының абоненттік нөмірін әрекеттенулер мен оқиғалар туралы дерекқордан, сондай-ақ әшкереленген электрондық төлем құралдары дерекқорынан алынған деректермен салыстырып тексереді.

8. Ұлттық Банк күн сайын антифрод-орталықтан алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша мәліметтерді антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша алады.

9. Антифрод-орталық антифрод-орталықтың қатысушыларына алаяқтық төлем транзакцияларына және құқыққа қарсы оқыс оқиғаларға қатысу туралы ақпараты бар тұлғалардың ұялы байланыс нөмірлері жөніндегі мәліметтерге қол жеткізуді ұсынады.

3-тарау. Антифрод-орталықтың дерекқорларын қалыптастыру және жүргізу

10. Антифрод-орталық өз қызметін қамтамасыз ету үшін оқиғалар, әрекеттенулер, заңсыз пайдаланылған электрондық төлем құралдары, көптеген кредиттік өтінімдер, әлеуетті зардап шеккен тұлғалар, әшкереленген абоненттік нөмірлер, құқыққа қарсы оқыс оқиғаларға қатысқан адамдар туралы дерекқорларды, сондай-ақ антифрод-орталықтың ішкі құжаттарына сәйкес өзге де дерекқорларды қалыптастырады.

Антифрод-орталық қатысушыларға Қағидаларда, сондай-ақ антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен осы тармақта көрсетілген дерекқорларға қол жеткізуді ұсынады.

11. Алаяқтық төлем транзакцияларына қатысқаны туралы расталған ақпарат болған тұлғалар бойынша қылмыстық қудалау органынан алынған алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары туралы хабарлар негізінде оқиғалар туралы дерекқор қалыптастырылады.

Тұлғаны оқиғалар туралы дерекқордан осы тұлғаны антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша оқиғалар туралы дерекқорға енгізген қылмыстық қудалау органы антифрод-орталыққа жіберген хабардың негізінде алып тастайды.

Ұйым тұлғаны оқиғалар туралы дерекқордан алып тастаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде банктік шот, электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын қайта бастайды, төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасын бұғаттаудан шығарады, сондай-ақ клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен клиентке бұл туралы хабарлайды.

12. Әрекеттенулер туралы дерекқор ішкі құжаттарға және (немесе) ұйымдардың ішкі антифрод-жүйелерінің және (немесе) ұйымдардың жауапты құрылымдық бөлімшелерінің (ұйымдардың ішкі құжаттарында белгіленген) деректеріне сәйкес алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларына байланысты төлем операцияларына

олардың қатысқаны туралы негіздер (күдік) болатын өзінің клиенттері бойынша ұйымдардан алынған алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары туралы хабарлар негізінде қалыптастырылады.

Ұйым әрекеттенулер туралы дерекқорға ақпаратты қосу үшін мынадай ретті әрекеттерді орындайды:

1) ұйым ішкі құжаттарға не ұйымның ішкі антифрод-жүйелерінің және (немесе) антифрод-бөлімшелерінің деректеріне сәйкес Төлемдер туралы заңның 25-1-бабы негізінде клиенттің алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын анықтайды және нұсқауды орындаудан бас тартады немесе нұсқауды орындауды және (немесе) банктік шот, электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады, 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасын бұғаттайды;

2) клиенттің банктік шоты, электрондық әмияны бойынша нұсқауларды және (немесе) шығыс операцияларын орындауды тоқтата тұрған немесе төлем және (немесе) ақша аударымы сомасын бұғаттаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз клиентінің операцияларына, оның ішінде клиенттен мән-жайларды анықтау және шешім қабылдау үшін қажет қосымша ақпаратты алу бойынша талдау жүргізеді;

3) клиенттің алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларына байланысты төлем операцияларына қатысуы туралы негіздер (күдік) расталған жағдайда, антифрод-орталыққа мәліметтерді әрекеттенулер туралы дерекқорға енгізу туралы хабар жібереді.

Тұлға әрекеттенулер туралы дерекқордан антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүргізілген тергеп-тексеру қорытындылары бойынша қылмыстық қудалау органы немесе клиенттің әрекеттенулер туралы дерекқорға оның негізсіз не қате енгізілгені туралы өтінішін қарау қорытындылары бойынша ұйым жіберген хабар негізінде алып тасталады.

Ұйым тұлғаны әрекеттенулер туралы дерекқордан алып тастаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде банктік шот, электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын қайта бастайды, төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасын бұғаттаудан шығарады, сондай-ақ клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен клиентке бұл туралы хабарлайды.

13. Егер алаяқтық белгісі бар бір төлем транзакциясы бойынша хабарда бірнеше клиенттердің, оның ішінде төлемді жүзеге асыруға қатысқан делдалдардың деректемелері көрсетілсе және (немесе) ақша аудару кезінде көрсетілген хабарда белгіленген ұйым 1 (бір) сағат ішінде оның хабарын Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген деректемелерге сәйкес өзінің клиенті бойынша ақпаратпен (қолма-қол ақшаны қабылдауға және (немесе) беруге арналған құрылғылар арқылы қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтерді қоса алғанда) толықтырады.

Антифрод-орталықпен өзара іс-қимыл арналарының техникалық іркілістері болған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптарды орындау мерзімі кедергілер жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады, бұл туралы ұйым антифрод-орталықтың операторына тиісті хабарламаны антифрод-орталық операторының электрондық поштасына электрондық тәсілмен жібереді. Жүйенің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келгені туралы антифрод-орталық барлық қатысушыларды дереу электрондық тәсілмен хабардар етеді.

14. Қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органдары және құқық қорғау органдары тіркелген қылмыстық істер бойынша антифрод-орталыққа заңсыз пайдаланылған электрондық төлем құралдарының деректемелерін жібереді

Антифрод-орталық Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген тәртіппен нақты уақыт режимінде заңсыз пайдаланылған электрондық төлем құралдары туралы дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады.

Ұйым антифрод-орталықтан заңсыз пайдаланылған электрондық төлем құралдары бойынша мәліметтерді алған кезде оларды Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген тәртіппен қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органынан, құқық қорғау органынан антифрод-орталық арқылы алынған қаулы түрінде антифрод-орталық арқылы қосымша хабарлама алғанға дейін бұғаттайды.

Қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органынан, құқық қорғау органынан антифрод-орталық арқылы алынған қаулы негізінде ұйым клиентке қызмет көрсетуді қайта бастау немесе клиентке қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

15. Кредиттік бюро нақты уақыт режимінде көптеген кредиттік өтінімдер туралы ақпаратты антифрод-орталығына ұсынады.

Антифрод-орталық Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген тәртіппен нақты уақыт режимінде көптеген кредиттік өтінімдер туралы дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады.

16. Антифрод-орталық антифрод-орталықтың қатысушысына олардың арасында жасалған шарт негізінде әлеуетті зардап шеккен тұлғалар бойынша мәліметтерге қол жеткізуді ұсынады.

17. Антифрод-орталық өз функцияларын орындау үшін абонентке тіркелген абоненттік нөмірді растау үшін ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру кодтарының дерекқорымен және (немесе) ұялы байланыс операторларының дерекқорларымен, оның ішінде көрсетілген абоненттік ұялы нөмірі тіркелген тұлға туралы мәліметтерді, атап айтқанда жеке сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда) ұсына отырып интеграцияланады.

Ұялы байланыс операторлары алаяқтық белгілері бар қоңырау шалу жүзеге асырылған абоненттік нөмірді анықтаған кезде, сондай-ақ байланыс желілерінде алаяқтық әрекеттер анықталған кезде тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірін және абонентке ресімделген абоненттік нөмірлерді қоса

алғанда, абонент туралы ақпаратты ұсына отырып, антифрод-орталықты хабардар етеді

Ұялы байланыс операторлары антифрод-орталықтан ақпарат алған кезде, сондай-ақ осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда осы абоненттік нөмірге байланыс қызметтерін көрсетуді, оның ішінде GSM-шлюздерді (сим-бокстар) және IP-телефонияны тоқтата тұрады.

18. Антифрод-орталық нақты уақыт режимінде әшкереленген абоненттік нөмірлер туралы дерекқор қалыптастырады және жүргізеді.

Ұялы байланыс операторлары алаяқтық белгілері бар қоңырау шалу жүзеге асырылған абоненттік нөмірді анықтаған кезде, сондай-ақ байланыс желілерінде алаяқтық әрекеттер анықталған кезде, егер ішкі құжаттарға және (немесе) ішкі антифрод-жүйелердің деректеріне сәйкес олардың алаяқтық белгілері бар қоңырауға қатысуы туралы негіздер (күдік) болса, осы абоненттік нөмірге байланыс қызметін көрсетуді тоқтата тұрады.

Ұялы байланыс операторы әшкереленген абоненттік нөмірлер туралы дерекқорға ақпаратты қосу үшін мынадай жүйелі әрекеттерді орындайды:

1) ұялы байланыс операторы ішкі антифрод-жүйелердің деректеріне сәйкес алаяқтық белгілері бар қоңырауларды анықтайды және осы абонентке байланыс қызметін көрсетуді тоқтата тұрады;

2) 2 (екі) жұмыс күні ішінде абонентке қатысты талдау жүргізеді, оның ішінде қажет болған жағдайда абоненттен мән-жайларды анықтау және шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат алады;

3) абоненттің алаяқтық белгілері бар қоңырауларға қатысуы туралы негіздер (күдік) расталған жағдайда тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірін және алаяқтық белгілері бар қоңырау шалу арқылы анықталған абоненттік нөмірлерді қоса алғанда, абонент туралы ақпаратты ұсына отырып, әшкереленген абоненттік нөмірлер туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу үшін антифрод-орталыққа хабар жібереді.

Тұлғаны әшкереленген абоненттік нөмірлер туралы дерекқордан алып тастау не ұялы байланыстың абоненттік нөмірін басқа тұлғаға қайта ресімдеу кезінде антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда, сондай-ақ "Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10999 болып тіркелген) Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларына сәйкес қылмыстық қудалау органы жүргізген тергеу қорытындысы бойынша немесе ұялы байланыс операторы абоненттің әшкереленген

абоненттік нөмірлер туралы дерекқорға негізсіз не қате енгізілгені туралы өтінішін қарау қорытындысы бойынша антифрод-орталыққа хабар жіберген сәттен бастап жүзеге асырылады.

Ұялы байланыс операторы тұлғаны әшкереленген абоненттік нөмірлер туралы дерекқордан шығарғаннан кейін байланыс қызметтерін көрсетуді қайта бастайды.

19. Антифрод-орталық ұйымның сұрау салуы бойынша оған ұлттық қауіпсіздік органдарының дерекқорларынан антифрод-орталық арқылы алынған клиенттің Қазақстан Республикасының аумағында болу мәртебесі туралы мәліметтерді береді.

20. Екінші деңгейдегі банктер құқыққа қарсы оқыс оқиғаларды, оның ішінде клиенттің өтініші негізінде "Банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 86 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 38586 болып тіркелген) бекітілген Банктер және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында белгіленген талаптарды сақтай отырып анықтайды.

Төлем ұйымдары құқыққа қарсы оқыс оқиғаларды, оның ішінде клиенттің өтініші негізінде ішкі құжаттарға сәйкес анықтайды.

Антифрод-орталық құқыққа қарсы оқыс оқиғаларға тартылған тұлғалар дерекқорын нақты уақыт режимінде қалыптастырады және жүргізеді. Ұйымның клиенттері бойынша мәліметтер құқыққа қарсы оқыс оқиғаларға тартылған тұлғалар дерекқорына ұйымының хабары негізінде енгізіледі.

Ақша жөнелтушіні және (немесе) бенефициарды (ақша алушыны) құқыққа қарсы оқыс оқиғаларға тартылған тұлғалар дерекқорына қосу үшін антифрод-орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы екінші деңгейдегі банктен немесе төлем ұйымынан алынған құқыққа қарсы оқиға туралы хабар антифрод-орталық хабарды алғаннан кейін дереу қосылады және антифрод-орталықтың барлық қатысушысы үшін қолжетімді болады.

Ұйым құқыққа қарсы оқыс оқиғаны анықтаған кезде:

1) 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге клиенттің банктік шотын немесе электрондық әмиянын бұғаттайды;

2) 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз клиентінің операцияларына, оның ішінде клиенттен мән-жайларды анықтау және шешім қабылдау үшін қажет қосымша ақпарат ала отырып талдау жүргізеді;

3) клиенттің құқыққа қарсы оқыс оқиғаға қатысуы туралы негіздер (күдік) расталған жағдайда, құқыққа қарсы оқыс оқиғаның түрін көрсете отырып, Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген іс-шараларды кейіннен өткізу үшін құқық қорғау органына құқыққа қарсы оқыс оқиға бойынша ақпаратты жіберу үшін хабарды антифрод-орталыққа жібереді. Антифрод-орталық:

есірткінің заңсыз өндірілуіне, айналымына және (немесе) транзитіне байланысты оқыс оқиға бойынша ақпаратты ішкі істер органдарына жібереді;

қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастыруға, Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ электрондық казино мен интернет-казиноның, шетелдік букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға байланысты оқыс оқиға бойынша ақпаратты экономикалық тергеу қызметіне жібереді.

Құқық қорғау органы өткізілген іс-шаралардың қорытындысы бойынша антифрод-орталыққа жіберген хабар негізінде немесе ұйым клиенттің құқыққа қарсы инциденттер жөніндегі базаға негізсіз не қате енгізілгені туралы өтінішін қарау қорытындысы бойынша антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда, тұлға құқыққа қарсы оқыс оқиғалар дерекқорынан алып тасталады.

Ұйым тұлғаны өзге де құқыққа қарсы оқыс оқиғаларға тартылған тұлғалар дерекқорынан алып тастаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде банктік шот немесе электрондық әмиян бойынша бұғаттауды алып тастайды.

4-тарау. Ұйымдардың нұсқауды орындаудан бас тартуы немесе орындауды тоқтата тұруы, клиентке көрсетілетін қаржылық және төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін ұсыну тәртібі мен түрлері, сондай-ақ қылмыстық қудалау органының прокурормен келісілген транзакцияны алаяқтық транзакциясы деп тану туралы қаулысында көрсетілген клиентке ақшаны қайтару тәртібі

21. Ұйым Қағидалардың 26-тармағының екінші бөлігі 1) тармақшасында көзделген төлемдердің ақпараты оқиғалар туралы дерекқорда бар ақпаратпен сәйкес келетін бенефициар пайдасына есепке жазылу жағдайларын қоспағанда, төлемнің және (немесе)) ақша аударымының жөнелтушісі немесе бенефициары туралы ақпарат төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылған сәттегі оқиғалар туралы дерекқорда бар ақпаратпен сәйкес келген кезде төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан бас тартады.

Ұйым төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқауды орындаудан бас тартқан кезде клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен ақша жөнелтуші клиентке бас тартудың себептері мен негіздерін және тұлғаны оқиғалар туралы дерекқорға енгізу бастамашысын көрсете отырып, төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан бас тарту туралы ақпарат береді.

22. Ұйым өз қызметі шеңберінде әшкереленген абоненттік нөмір туралы дерекқордан алынған ақпаратты белгіленген ішкі рәсімдерге сәйкес алаяқтық және құқыққа қарсы оқыс оқиғалар тәуекелдерінің деңгейін мониторингтеу мақсатында пайдаланады.

23. Ұйым Төлемдер туралы заңның 25-1-бабы 3-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ақша жөнелтуші немесе бенефициар туралы ақпарат әрекеттенулер туралы дерекқорда бар ақпаратпен сәйкес келген кезде нұсқаудың орындалуын тоқтата тұрады және (немесе) ақша сомасын бұғаттайды және клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен клиентке бас тартудың себептері мен негіздерін және тұлғаны әрекеттенулер туралы дерекқорға енгізу бастамашысын көрсете отырып, төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруды уақытша тоқтатқаны туралы ақпарат береді.

Егер ақша жөнелтуші шартта белгіленген тәсілмен әрекеттенулер туралы дерекқорға енгізілген бенефициардың пайдасына төлемді немесе ақша аударымын жүзеге асыру туралы ниетін растаса, ұйым бенефициардың пайдасына осы төлемді және (немесе) ақша аударымын қайтадан бастайды.

Басқа жағдайда ұйым төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырмайды.

24. Ұйым клиенттің алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтағаны туралы өтінішін алған кезде:

1) ақша жөнелтушіге қызмет көрсететін ұйым операцияға талдау (зерделеу) жүргізеді, оның нәтижелері бойынша антифрод-орталыққа клиенттің және бенефициарға қызмет көрсететін ұйымның деректемелерін көрсете отырып, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабар жібереді;

2) антифрод-орталық осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген хабарды алғаннан кейін бенефициардың банктік шотына және (немесе) электрондық әмиянына ақша аудару туралы нұсқауды орындауды тоқтата тұруы және бенефициардың ақша алу негіздерін анықтауы үшін бенефициарға қызмет көрсететін ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, бенефициар туралы ақпаратты әрекеттенулер туралы дерекқорға дереу енгізеді;

3) бенефициарға қызмет көрсететін ұйым антифрод-орталықтан осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген хабарламаны алғаннан кейін операция сомасы шегінде ақшаны бенефициардың банктік шотына және (немесе) электрондық әмиянына есепке жатқызуды тоқтата тұрады;

4) бенефициардың банктік шотына және (немесе) электрондық әмиянға ақшаны есепке жатқызуды тоқтата тұру мүмкін болмаған жағдайда, бенефициарға қызмет көрсететін ұйым клиенттің нұсқауларын орындауды және (немесе) банктік шот, электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады, бенефициардың банктік шотындағы және (немесе) электрондық әмиянындағы төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасын бұғаттайды және шартта белгіленген тәртіппен бенефициарды бұл туралы дереу хабардар етеді. Клиенттің нұсқауларын орындауды

және (немесе) клиенттің банктік шоты және (немесе) электрондық әмияны бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру (немесе) төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасын бұғаттау бенефициардың ақша алу негіздерін анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

25. Банктік шот, электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру кезінде клиент қажет болған жағдайда қаржылық немесе төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін алу үшін шартта белгіленген тәртіппен ұйымның мекенжайына өтініш береді.

Клиенттің өтінішін қарау қорытындылары бойынша ұйым клиент өтініш жасаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей шартта белгіленген тәртіппен клиентті қабылданған шешім туралы хабардар ете отырып, клиентке көрсетілетін қаржылық және (немесе) төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін ұсынудан бас тарту немесе ұсыну туралы шешім қабылдайды.

Клиенттің банктік шотында, электрондық әмиянында алаяқтық белгілері бар транзакция шеңберінде бұғатталған ақша болған жағдайда, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату қылмыстық қудалау органдарының тиісті шешімін алғанға дейін мүмкін болмайды.

26. Клиент оқиғалар немесе әрекеттенулер туралы дерекқорға енгізілген кезде ұйым ішкі қағидаларға сәйкес қаржылық және (немесе) төлем қызметтерін көрсетуден бас тарту туралы немесе қаржылық және (немесе) төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін ұсыну туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қаржылық және (немесе) төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін ұйым ішкі қағидаларға сәйкес айқындайды және онда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек демалысы ақысын, жалақыны, қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды және (немесе) жұмыс берушінің өзге де төлемдерін, зейнетақыны, стипендияны, жәрдемақыны және (немесе) өзге де әлеуметтік төлемді төлеу түрінде клиенттің банктік шотына түскен төлемдерді есепке жатқызу;

2) ұйымда осы төлемдерді есепке жатқызу бойынша төлемдердің алаяқтық сипаты туралы ақпарат болмаған жағдайда, клиентке оның банктік шотына еңбек демалысы ақысын, жалақыны, қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды және (немесе) жұмыс берушінің өзге де төлемдерін төлеу түрінде есепке жатқызылған қолма-қол ақшаны беру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиентке оның банктік шотына зейнетақы, стипендия, жәрдемақы және (немесе) өзге де әлеуметтік төлем түрінде есепке жатқызылған қолма-қол ақшаны беру;

4) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес есепке жатқызылған ақша сомасы шегінде салықтарды, коммуналдық және әлеуметтік төлемдерді, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды, сондай-ақ қарызды өтеу бойынша төлемдерді төлеу бойынша қызметтер қамтылады.

27. Алаяқтық белгілері бар транзакция деп танылған төлемнің және (немесе) ақша аударымының бенефициарына қызмет көрсететін ұйым ақшаны прокурор келіскен, антифрод-орталық арқылы алынған қылмыстық қудалау органының транзакцияны алаяқтық транзакциясы деп тану және қаулыда (бұдан әрі – қаулы) көрсетілген тұлғаға ақшаны қайтару қажеттілігі туралы қаулыны алған кезде қайтарады.

Қылмыстық қудалау органы қаулыны қалыптастырып, прокурормен келіседі және антифрод-орталықта электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады.

Ұйым ақшаны төлем ордерін және төлем тапсырмасын пайдалана отырып, Төлемдер туралы заңның 25-1-бабында көзделген тәртіппен бұғатталған сома шегінде ғана қайтарады.

Егер төлем ұйымы электрондық әмиянда бұғатталған электрондық ақшаға қатысты қаулыны алған жағдайда, төлем ұйымының нұсқауы бойынша электрондық ақша эмитенті оларды прокурор келіскен қылмыстық қудалау органының қаулысында көрсетілген жәбірленушінің банктік шотына өтеуді жүзеге асырады.

Егер қаулыда көрсетілген ақша сомасы Төлемдер туралы заңның 25-1-бабында көзделген тәртіппен бұғатталған сомадан асып кеткен жағдайда, ұйым Төлемдер туралы заңның 25-1-бабында көзделген тәртіппен бұғатталған сома шегінде ғана қаулыны ішінара орындайды. Қаулыда көрсетілген соманың қалдығы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде қайтарылуға жатады.

Қаулыда көрсетілген бенефициар пайдасына ақша қаулыны алған кезден бастап келесі операциялық күннен кешіктірілмейтін мерзімде аударылады.

Қаулыда пайдасына ақша қайтарылатын бенефициардың мынадай деректемелері:

- 1) жеке тұлғаларға қатысты тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды тұлғаларға қатысты атауы;
- 2) банктік шот ашылған банктің банктік сәйкестендіру коды;
- 3) клиенттің жеке сәйкестендіру коды;
- 4) клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 5) ақша сомасы қамтылады.

Қаулыда банктік шоттан ақша қайтарылатын ақша жөнелтушінің мынадай деректемелері:

- 1) жеке тұлғаларға қатысты тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды тұлғаларға қатысты атауы;
- 2) банктік шот ашылған банктің банктік сәйкестендіру коды немесе электрондық ақша жүйесі операторының шоты ашылған банктің банктік сәйкестендіру коды;
- 3) клиенттің жеке сәйкестендіру коды немесе электрондық ақша жүйесі операторының жеке сәйкестендіру коды;
- 4) клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі қамтылады.

Бенефициарға қызмет көрсететін ұйым қаулыны күнтізбелік кезектіліктің келу тәртібімен (күні мен уақыты бойынша) орындайды.

5-тарау. Ұйымдардың алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын жүзеге асырудың барлық оқиғалары және (немесе) әрекеттенулері туралы ақпаратты антифрод-орталыққа жіберуі

28. Ұйым антифрод-орталыққа жіберетін алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабарда өз клиентінің:

- 1) алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы клиенттің ақшасын жымқыруға бағытталған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен зардап шеккен;
- 2) үшінші тұлғаға/тұлғаларға қатысты алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы үшінші тұлғаның/тұлғалардың ақшасын жымқыруға бағытталған іс-әрекеттер жасауға күдікті мәртебесі туралы мәліметтер қамтылады.

29. Ұйым және (немесе) қылмыстық қудалау органы алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабарды электрондық нысанда антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген форматта төлемді және (немесе) ақша аударымын:

- 1) банктік шотты пайдалана отырып жүзеге асырған кезде: жеке сәйкестендіру кодын, транзакция сомасын, уақытын және төлем транзакциясының бірегей кодын;
- 2) төлем карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырған кезде: алғашқы 6 және соңғы 4 разрядты көрсете отырып, карточканың толық емес нөмірін және (немесе) эквайер оны өңдеу процесінде беретін төлем транзакциясының бірегей сәйкестендіргішін (бар болса), транзакция сомасын, төлем транзакциясының уақытын және бірегей кодын;
- 3) электрондық әмиянды пайдалана отырып жүзеге асырған кезде: әмиянның деректемелерін, төлем транзакциясының сомасын, уақытын және бірегей кодын;
- 4) антифрод-орталықтың ішкі қағидаларында белгіленген өзге де қосымша деректемелерді көрсете отырып жібереді.

Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабарды әрбір ұйым тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және оның жеке сәйкестендіру нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, өз клиенті бойынша дербес толтырады.

30. Антифрод-орталық алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы хабарды алған кезде осы хабарға антифрод-орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен басымдық береді.

31. Ұйым алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын ішкі құжаттармен бекітілген мынадай өлшемшарттар (белгілер) негізінде, бірақ олармен шектелмей, анықтайды:

- 1) ұйым жалпы жасалатын операциялар (клиент жүзеге асыратын қызмет) бойынша талдау негізінде анықтаған клиент жүргізетін операция (өзгеше операциялар) сипатының, атап айтқанда:

операцияны жүзеге асыру уақытының (күндерінің);

операцияны жүзеге асыру орнының (клиенттің нақты орналасқан жерінің, операцияны жүзеге асыру орнының және тағы басқалардың);

оны пайдалана отырып операция жүзеге асырылатын құрылғының сәйкес келмеуі;

2) клиент жүргізетін операцияның мынадай параметрлерінің:

операция сомасының;

операцияларды жүзеге асыру кезеңділігінің (жиілігінің);

ақша алушының (бенефициардың) сәйкес келмеуі;

3) клиенттің:

шетелдік көрсетілетін қызметтерді берушілердің, оның ішінде цифрлық активтер платформаларының пайдасына;

қызметі ірі мөлшердегі төлемдерді қабылдауға байланысты емес, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің пайдасына жүргізетін операциялар көлемінің сәйкес келмеуі.

32. Ұйым Қағидаларда белгіленген іс-шараларды жүзеге асыруды қоса алғанда, тәулік бойы режимінде антифрод-орталығымен өзара іс-қимыл жасайды.

Ұйым антифрод-орталықтан алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы туралы ақпаратты алған кезде дереу, бірақ осындай ақпаратты алған кезден бастап 1 (бір) сағаттан кешіктірмей Төлемдер туралы заңның 25-1-бабының 3-1-тармағында көзделген шараларды қабылдайды.

33. Ұйым антифрод-орталықтың хабарында көрсетілген банктік шоттағы ақша қалдығының сомасы өзгерген жағдайда оны айдың соңғы күніне жаңартуды қамтамасыз етеді.

Алаяқтық белгілері бар төлем
транзакциялары бойынша
деректер алмасу орталығының
(Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
антифрод-орталығы)
қызметін ұйымдастыру
қағидаларына
1-қосымша

Антифрод-орталықтың қатысушылары арасындағы заңсыз деп танылатын немесе тыйым салынған төлем транзакциялары жүзеге асырылатын электрондық төлем құралдары бойынша өзара іс-қимыл алгоритмі

1. Қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органы және құқық қорғау органы тіркелген қылмыстық істер бойынша заңсыз және (немесе) тыйым салынған төлем операцияларында пайдаланылатын (пайдаланылған), қаржы ұйымдарының, төлем ұйымдарының (бұдан әрі – Ұйымдар) клиенттеріне тиесілі электрондық төлем

құралдарының және цифрлық активтер әмияндарының (бұдан әрі – заңсыз пайдаланылған электрондық төлем құралдары) деректемелері мен мәліметтерін анықтайды.

2. Қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органы және құқық қорғау органы нақты уақыт режимінде заңсыз пайдаланылған электрондық төлем құралдарының деректемелері мен мәліметтерін антифрод-орталыққа жібереді. Қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органы, құқық қорғау органы әрбір электрондық төлем құралы бойынша тіркелген қылмыстық іс туралы ақпаратты қоса береді.

3. Антифрод-орталық қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органынан, құқық қорғау органынан төлем карточкаларының деректемелерін алған кезден бастап 1 (бір) сағат ішінде оның ұстаушысын айқындайды және жабық режимде төлем карточкаларының эмитенттеріне әрбір төлем карточкасын ұстаушы жөніндегі мәліметтерді жеке-жеке жібереді.

Эмитенті және деректемелері туралы ақпарат қамтылатын электрондық төлем құралы бойынша мәліметтерді қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органы, құқық қорғау органы антифрод-орталықтың операторына жібереді. Көрсетілген мәліметтерді антифрод-орталықтың операторы оларды алған кезден бастап 1 (бір) сағат ішінде жабық режимде ұйымдарға әрбір электрондық төлем құралы эмитенті бойынша жеке-жеке қайта жібереді.

4. Әрбір Ұйым мынадай іс-шараларды өткізеді:

1) қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органынан, құқық қорғау органынан антифрод-орталық арқылы алынған одан кейінгі іс-қимыл туралы қаулы түрінде қосымша хабарлама алғанға дейін электрондық төлем құралын бұғаттайды және клиентке бұл туралы хабарлайды;

2) электрондық төлем құралының иесі бойынша иесінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірін, резиденттік мәртебесін қамтитын бар деректерді, сондай-ақ қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органының, құқық қорғау органының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сұратуы бойынша өзге ақпаратты антифрод-орталыққа жібереді;

3) қылмыстық қудалау, ұлттық қауіпсіздік органынан, құқық қорғау органынан антифрод-орталық арқылы алынған қаулы негізінде Ұйым клиентке қызмет көрсетуді қайта бастау немесе клиентке қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Алаяқтық белгілері бар төлем
транзакциялары бойынша
деректер алмасу орталығының
(Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
антифрод-орталығы)
қызметін ұйымдастыру
қағидаларына
2-қосымша

Антифрод-орталыққа қатысушылар арасындағы көптеген кредиттік өтінімдер бойынша өзара іс-қимыл алгоритмі

1. Кредиттік бюро өз қызметін жүзеге асыру шеңберінде жеке тұлғаның 1 (бір) сағат ішінде екінші деңгейдегі екі және одан да көп банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыз шартын (тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт) жасасуға өтініштер (бұдан әрі – көптеген кредиттік өтінімдер) беру жағдайларын анықтайды.

2. Кредиттік бюро нақты уақыт режимінде антифрод-орталыққа анықталған көптеген кредиттік өтінімдер бойынша ақпаратты, оның ішінде:

жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда);

жеке сәйкестендіру нөмірін;

жеке тұлғаның тұтынушылық банктік қарыз шартын (тұтынушылық микрокредит беру туралы шартты) жасасуға 1 (бір) сағат ішінде берген өтініштерінің санын, сондай-ақ жеке тұлға берген өтінімдер туралы ақпарат ұсынған екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың атаулары мен бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін;

тұтынушылық банктік қарыз шартын (тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт) жасасуға әрбір өтініш бойынша қабылданған шешімнің мәртебесі туралы ақпаратты жібереді.

3. Антифрод-орталық кредиттік бюродан көптеген кредиттік өтінімдер туралы ақпаратты алған кезден бастап дереу оны көптеген кредиттік өтінімдер туралы дерекқорға енгізеді.

Көптеген кредиттік өтінімдер туралы ақпарат оны базаға енгізген кезден бастап 48 (қырық сегіз) сағат өткен соң көптеген кредиттік өтінімдер туралы дерекқордан алып тасталады.

4. Қаржы ұйымы антифрод-орталықтың операторынан көптеген кредиттік өтінімдер туралы ақпарат дерекқорға келіп түскен кезден бастап дереу оны белгіленген ішкі рәсімдерге сәйкес алаяқтық және құқыққа қарсы оқыс оқиғалар тәуекелдерінің деңгейін мониторингтеу мақсатында ескереді.